

Дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау құралдары мен препараттарын дайындау, өндіру, қайта өңдеу және көтерме сату жөніндегі қызметті, сондай-ақ оларды пайдалануға байланысты жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер түрлерін лицензиялау ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 12 маусым N 636 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2301 Қаулысымен.

*Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.12.30 № 2301 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.*

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау құралдары мен препараттарын дайындау, өндіру, қайта өңдеу және көтерме сату жөніндегі қызметті, сондай-ақ оларды пайдалануға байланысты жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер түрлерін лицензиялау ережесі бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 P951894\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасында:

реттік нөмірі 11-жолда:

2-бағандағы "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын; 3-бағанның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: "Алматы қаласының аумағында жүзеге асырылатын қызметтен басқа, дезинфекциялау, дезинсекциялау және дератизациялау құралдары мен препараттарын дайындау, өндіру, қайта өңдеу және көтерме сату, сондай-ақ оларды пайдалануға байланысты жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер түрлері".

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

**Дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау  
құралдары мен препараттарын дайындау, өндіру,  
қайта өңдеу және көтерме сату жөніндегі қызметті,  
сондай-ақ оларды пайдалануға байланысты жұмыстар мен  
көрсетілетін қызметтер түрлерін лицензиялау  
ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау құралдары мен препараттарын дайындау, өндіру, қайта өңдеу және көтерме сату жөніндегі қызмет, сондай-ақ оларды пайдалануға байланысты жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер түрлерін лицензиялау ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Заңына сәйкес әзірленген әрі заңды және жеке тұлғаларға аталған қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру тәртібі мен шарттарын айқындайды. Z070214

2. Алматы қаласының аумағында жүзеге асырылатын қызметтен басқа, дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау құралдары мен препараттарын дайындау, өндіру, қайта өңдеу және көтерме сату жөніндегі қызметті, сондай-ақ оларды пайдалануға байланысты жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер түрлерін (бұдан әрі - дезинфекциялауға, дезинсекциялауға және дератизациялауға байланысты қызмет) лицензиялауды Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылық жасауды жүзеге асыратын уәкілетті органы (бұдан әрі - Лицензиар) жүргізеді.

3. Қазақстан Республикасында заңды және жеке тұлғалардың дезинфекциялауға, дезинсекциялауға, дератизациялауға байланысты қызметі лицензиялауға (бұдан әрі - Лицензиаттар) жатады.

**2. Лицензия беру тәртібі мен шарттары**

4. Дезинфекциялауға, дезинсекциялауға және дератизациялауға байланысты қызметке лицензия мерзімі шектелмей беріледі.

5. Лицензия қызметтің мынадай белгілі бір түріне (түрлеріне) беріледі:  
дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау құралдары мен препараттарын дайындау, өндіру, қайта өңдеу;  
дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау құралдары мен препараттарын көтерме сату;

дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау құралдары мен препараттарын пайдалануға байланысты жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер.

6. Дезинфекциялауға, дезинсекциялауға және дератизациялауға байланысты қызметке лицензия алу үшін мынадай құжаттар қажет:

- 1) белгіленген үлгідегі өтініш;
- 2) лицензиаттың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар;
- 3) аумақтық Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органының рұқсаты;
- 4) бюджетке лицензиялық алымды төлегенін растайтын құжат;
- 5) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі (заңды тұлға үшін).

7. Лицензия беру туралы өтінішті қарау мерзімі Ереженің 6-тармағында көзделген барлық қажетті құжатпен бірге өтініш берілген күннен бастап есептеледі.

Лицензия барлық қажетті құжатпен бірге өтініш берілген күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін - он күн мерзімнен кешіктірмей беріледі.

8. Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда, ол көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, бір ай мерзімде бұл туралы лицензиарға жазбаша хабарлауға міндетті.

Заңды тұлғаның атауы, тұрған орны (егер ол лицензияда көрсетілген болса) өзгерген жағдайда, ол бір айдың ішінде көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге міндетті.

Лицензиат тиісті жазбаша өтініш берген күннен бастап лицензиар он күн ішінде лицензияны қайта ресімдейді.

Лицензияны қайта ресімдеу және көрсетілген құжатты беру кезінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен белгіленген тәртіп пен мөлшерде алым төленеді.

Лицензияны жоғалтып алған ретте лицензиаттың телнұсқаны алуға құқығы бар.

Лицензиаттың жазбаша өтініші бойынша лицензиар он күн ішінде лицензияның телнұсқасын беруді жүргізеді. Бұл ретте лицензиат қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін алым төлейді.

### **3. Дезинфекциялауға, дезинсекциялауға және дератизациялауға байланысты қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары**

9. Дезинфекциялауға, дезинсекциялауға және дератизациялауға байланысты

қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары мыналардың  
б о л у ы н қ а м т и д ы :

1) меншік немесе жалдау құқығын растайтын құжатты техникалық жоспарымен қоса ұсына отырып, өрт қауіпсіздігі талаптарына жауап беретін санитарлық және құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес келетін дезинфекциялау, дезинсекциялау және дератизациялау құралдарын дайындауға, сақтауға және сатуға арналған өндірістік үй-жайлар.

Дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау құралдары мен препараттарын дайындауға, өндіруге, қайта өңдеуге арналған өндірістік үй-жайлар (цехтар) басқа объектілерден (үй-жайлардан) бөлек орналасуы тиіс.

Өнімнің мол көлемін шығаратын өндіріс (зауыт) үшін басқа объектілерден бөлек орналасқан тұрғын үй емес ғимарат болуы қажет;

2) арнаулы жабдықтары, техника, аппаратуралар мен құрал-саймандар, мүкәммал, арнаулы киім, жеке қорғанудың және жеке бас гигиенасының құралдары, дезинфекциялау, дезинсекциялау және дератизациялау шикізатының, құралдары мен препараттарының қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ететін  
ж а ғ д а й л а р д ы с а қ т а у ;

3) еңбек және қауіпсіздік техникасы ережелері оқытылған қызметшілер;

4) жеке тұлғаларда (заңды тұлғалар қызметкерлерінде) тиісті білімі ( медициналық, биологиялық, химиялық) немесе көрсетілген қызмет түрлері үшін кадрлар даярлаумен айналысу құқығы бар ұйымдарда алынған дезинфекциялау, дезинсекциялау және дератизациялау мәселелері бойынша арнайы даярлығы;

5) жеке тұлғалардың (заңды тұлғалар қызметкерлерінің) заңнамада белгіленген тәртіппен біліктіліктерін көтеруден және қайта даярлаудан өтуі  
т у р а л ы қ ұ ж а т ;

б) жеке тұлғалардың (заңды тұлғалар қызметкерлерінің) алдын ала және мерзім-мерзіммен медициналық қаралудан өтуі туралы құжат.

#### **4. Лицензия беруден бас тарту**

10. Лицензия берілмейді, егер:

1) субъектілердің осы санаты үшін қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыруға заңнамалық кесімдермен тыйым салынса;

2) осы Ереженің 6-тармағына сәйкес талап етілетін барлық құжат ұсынылмаса . Өтініш беруші көрсетілген кедергілерді жойған ретте, өтініш жалпы негізде  
қ а р а л а д ы ;

3) лицензиялық алым енгізілмесе;

4) өтініш беруші осы ережеде белгіленген біліктілік талаптарына жауап  
б е р м е с е ;

5) өтініш берушіге қатысты оған қызметтің осы түрімен айналысуға тыйым салатын сот шешімі болса. Лицензия беруден бас тартылған ретте, өтініш

берушіге лицензия беру үшін белгіленген мерзімдерде жазбаша түрде дәлелді  
жауап б е р і л е д і .

11. Егер өтініш беруші бас тартуды негізсіз деп таныса, онда ол бір ай мерзімде оған сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

### **5. Лицензияны қайтарып алу және оның қолданылуын тоқтата тұру**

12. Лицензия, егер заңнамалық кесімдерде өзгеше көзделмесе, мынадай жағдайларда сот тәртібімен қайтарып алынуы мүмкін:

- 1) лицензияда қойылған талаптарды лицензиат орындамағанда;
- 2) соттың лицензиатқа ол ие лицензия бойынша жүзеге асыратын қызмет түрімен айналысуына тыйым салғанда;
- 3) лицензияның қолданылуын тоқтата тұру жөніндегі себептерді лицензиар ж о й м а ғ а н д а ;

4) лицензия алу кезінде лицензиат көрінеу жалған ақпарат ұсынғанда.

13. Лицензиар тоқтата тұру себептерін көрсете отырып, алты айға дейінгі мерзімге лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға құқылы. Шағын кәсіпкерлік субъектісі лицензиясының қолданылуын тоқтата тұруды лицензиардың, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың арызы б о й ы н ш а с о т жү р г і з е д і .

14. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру себептері жойылғаннан кейін лицензияның қолданылуы қайта қалпына келтіріледі.

15. Лицензияны тоқтата тұру туралы шешімге лицензиат сот тәртібімен шағымдануға құқылы. Соттың лицензияның қолданылуын тоқтата тұрудың заңдылығы туралы шешімі кезінде оның тоқтата тұру мерзімі лицензиардың осындай шешімді қабылдаған сәтінен (күнінен) бастап есептеледі.

Мамандар: Багарова Ж.А., Қасымбеков Б.А.